



CORONA
VIRUS2020/KZ



COVID-19 - ДАН
ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ
ТИІМДІ ТӘСІЛІ
- ИММУНДАУ!



COVID-19 – ДАН ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ТИІМДІ ТӘСІЛІ – ИММУНДАУ!



Коронавирус инфекциясына қарсы вакцина пайда болғалы бері бүкіл әлемде бірнеше миллиард ересек адам екпе алды.

Коронавирус инфекциясына қарсы вакциналардың қауіпсіздік деңгейі өте жоғары, аурудың асқынуының және науқасты ауруханаға жатқызудың алдын алуға, коронавирус инфекциясынан өлім-жітімді азайтуға көмектеседі.

Кең таралған COVID-19 вакцинациясы – денсаулығына байланысты аса қауіпті топқа жататын кез келген адамды коронавирус инфекциясының ауыр асқынуынан және өлімнен қор маңызды құрал.

«Pfizer» вакцинасын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) 12-18 жастағы балалар мен жасөспірімдерді, жүкті және емізүлі баласы бар аналарды вакцинациялау үшін ұсынады.

Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдер арасындағы вакцинация әлемнің 20-дан аса елінде 12 жастан, кейбір елдерде 3 жас, (Қытай) және 5 жастан бастап (АҚШ) жүргізілуде.


Америкада «Pfizer» вакцинасымен шамамен 8 миллион адам егілді, оның ішінде 5 жастан асқан балаларды да вакцинациялау басталды.

Қытайда 2021 жылдың қазан айында 3 жастан 17 жасқа дейінгі балаларды коронавирус инфекциясына қарсы отандық вакцинамен егу бойынша шұғыл шара қабылданды.

Қазіргі кезде 60 миллионнан астам балалар мен жасөспірім вакцина алды.



БИЫЛҒЫ ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН КАНАДАДА 12-17 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ 58%-Ы КВИ-ГЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУДАН ӨТТІ.



Қазақстанда 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер, жүкті және емізулі баласы бар аналар арасында коронавирус инфекциясының алдын алу үшін осы санаттағыларға қауіпсіздігі мен жоғары тиімділігі дәлелденген «Pfizer» компаниясының вакцинасы қолжетімді.

ЕЛІМІЗДЕ КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ТЕГІН ӘРІ ЕРІКТ

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 77-бабына сәйкес, кез келген медициналық емшара, оның ішінде вакцинация егілушінің келісімімен ғана жүргізіледі.

12-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша келісімімен вакцинацияланады.



**ҚАЗАҚСТАНДА ВАКЦИНАЦИЯДАН БАС ТАРТҚАНЫ ҮШІН
ӘКІМШІЛІК НЕМЕСЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН.**

CORONA VIRUS2020 KZ

12 ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕГУ КАБИНЕТТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ, ЖАСӨСПІРІМДЕР АТА-АНАСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛІНІҢ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЕГУ ПУНКТТЕРІНДЕ ДЕ ВАКЦИНА АЛА АЛАДЫ.

МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ҮШІН ЕГУ БРИГАДАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:



Вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін сақтау мен тасымалдаудың әртүрлі деңгейінде «суық тізбек» қамтамасыз етіледі.

«Pfizer» вакцинасы минус 60-90°C температурада облыстық денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларында сақталады.

Ал, білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдардың егу пункттерінде күнтізбелік 31 күнге дейінгі мерзімде плюс 2-8°C температурада сақталады.



МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖӘНЕ МЕКТЕП БАСШЫЛЫҒЫ:

- Егу кабинеттерін ҚР ДСМ №361 бұйрығына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жабдықтауды;
- алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған препараттардың болуын;
- бір жерде көп шоғырланбау үшін егілетін адамдардың ағынын шектеуді;
- әлеуметтік қашықтықты сақтау шартымен вакцинацияға дейін күту және вакцинациядан кейін бақылауда болуға арналған жеке бөлме жасақтауды;
- мектеп және медициналық ұйым психологтарының жасөспірімдерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялауға қатысуын қамтамасыз етеді.



ВАКЦИНАЦИЯДАН БҰРЫН

- 12-18 жастағы тұлғаға тексеру және сұрау ата-анасының немесе заңды өкілінің қатысуымен жүргізіледі;
- иммундауға қарсы көрсетілімдер болмаса, егуге рұқсат ресімделеді;
- егілетін адамға және/немесе оның ата-анасына (заңды өкіліне) профилактикалық егу, ықтимал реакциялар мен иммундаудан кейінгі жағымсыз жайттар, егуден бас тарту салдары туралы толық және объективті ақпарат беріледі.




ВАКЦИНАЦИЯДАН KEЙІН

**ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН АДАМ
30 МИНУТ БОЙЫ ВАКЦИНА
АЛҒАН ЖЕРДЕ МЕДИЦИНА
ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ
БАҚЫЛАУЫНДА БОЛАДЫ.**

**АТАЛҒАН РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ
КЕЙБІРІ ЕРЕСЕКТЕРГЕ
ҚАРАҒАНДА
12-15 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ
ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ
ЖИИ КЕЗДЕСЕДІ:**

- инъекция орнындағы қызару
- жүрек айну, құсу;
- лимфа түйіндерінің ұлғаюы
- әлсіздік
- қолдың ауыруы
- ұйқысыздық;
- инъекция орнындағы қышу
- бөртпе сияқты аллергиялық реакциялар т.б.



**ВАКЦИНАЦИЯДАН KEЙІН
МЫНАДАЙ РЕАКЦИЯЛАР
БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ:**

- инъекция орнын ауырсыну, ісіну;
- шаршағыштық
 - бас ауруы
- бұлшықеттің ауыруы
 - буын ауыруы
 - қалтырау
 - диарея
- қызу көтерілу

**ИММУНДАУДАН KEЙІН ЖАҒЫМСЫЗ САЛДАР ТУЫНДАҒАН ЖАҒДАЙДА,
МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ЖҮГІНУ ҚАЖЕТ.**


«PFIZER» ВАКЦИНАСЫМЕН ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕР:



- препараттағы белсенді затқа немесе кез келген басқа компоненттеріне аллергия;

жұмыртқа немесе желатинге аллергия вакцинация үшін қарсы көрсетілім болып саналмайды, өйткені вакцинада мұндай компоненттер жоқ.

Жіті инфекциялық ауруы бар немесе созылмалы аурулары асқынған адамдарға коронавируc инфекциясына қарсы вакцинациялауды кейінге қалдыру керек.



- 12 ЖАСҚА ДЕЙІН
- 16 АПТАҒА ДЕЙІНГІ ЖҮКТІЛІК.

«PFIZER» ВАКЦИНАСЫМЕН ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КЕСТЕСІ:

1 ДОЗАСЫ
- КЕЗ КЕЛГЕН
НӨЛДІК КҮН;



2 ДОЗА
- БІРІНШІ ДОЗАНЫ
АЛҒАННАН KEЙІН
21-ДЕН 28 КҮНГЕ
ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА.

ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:



- ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУДЫҢ
АСҚЫНУЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

- ЕГІЛГЕНДЕРДІ ҒАНА ЕМЕС,
АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАРДЫ ДА
(АҒА-ІНІЛЕР, АПА-СІҢЛІЛЕР, ТУЫСТАР)
ҚОРҒАЙДЫ



- «ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ»
ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



- ИММУНИЗАЦИЯДАН КЕЙІНГІ
«ВАКЦИНАЦИЯ ПАСПОРТЫ»
САПАРЫҢЫЗДЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ.

ВАКЦИНАЦИЯ ЖҮРГІЗЕР АЛДЫНДА КВИ-ГЕ АНТИДЕНЕНІҢ БАР-ЖОҚТЫҒЫНА ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ.

КВИ-МЕН АУЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН
АДАМДАР 6 АЙДАН СОҢ ДЕНСАУЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП
ВАКЦИНА АЛҒАНЫ ЖӨН.

КВИ-МЕН АУЫРЫП ЖАЗЫЛҒАН
АДАМДАРДЫ 3 АЙДАН СОҢ
ВАКЦИНАЦИЯЛАУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ.



CORONA
VIRUS2020 KZ

